



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

болмаушы еді.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің мақсаты - өнімді шығару, оны сату және пайда табу. Өндірісте шығындарды басқару есебі кәсіпорынның негізгі мақсаттарын орындауға бағытталған, басқарудың анықталған моделіне сәйкес келетін бақылау мен шығындарды пайдалануды және өткен нақты уақыттың, болашақ өндірістік қызметтің нәтижелерін талдаудан тұрады.

Өндіріске кеткен шығындарға есепті тағайындаудың маңыздылығы - өндірістік қызметті бақылау және оны орындау үшін қажет шығындарды басқару. Мақсатына қарай және шығындар есебінің бағытына байланысты шығындар құрылымының әр түрлі нұсқалары қолданылады. Шығындар есебінің бағыты дегенде, өндіріске қажет шығындардың мақсатты есебі қажет етілген қызметтің аймағы ретінде түсіндіріледі[5]:

- а) дайын өнімді бағалау мен калькуляциялауға пайдаланылатын қажетті шығындар;
- б) шешім қабылдауға және жоспарлауға негіз болатын мәліметтерді қамтамасыз ететін шығындар;
- в) бақылау мен реттеу жүйесінде қолданылатын шығындар .

Шешім қабылдауда және жоспарлауда балама нұсқалардың қызметін бөлшектеп талдау үшін шығындар мен табыстардың мазмұны тиянақты болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет. Учебное пособие. М.: Аудит, ЮНИТИ, 2008.
2. Бахрушина М.А. Бухгалтерский управленческий учет: учебник для вузов. М.: ЗАО «Финстатинформ», 2009. 533с.
3. Карпова Т.П. Управленческий учет: учебник для вузов. М.: Аудит, ЮНИТИ, 2008. 350 с.
4. Управленческий учет: учебное пособие / Под ред. А.Д.Шеремета. 2-е изд., испр. М.: ИДФБК-ПРЕСС, 2007. 512 с.
5. Назарова В.Л., Фурсова С.Д., Фурсов Д.А. Управленческий учет. Алматы: Экономика, 2011.

УДК 336:947.16

ДЕБИТОРЛЫҚ БОРЫШТАР ЕСЕБІ, ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Шынтемирова Т.Т.

tamarathe1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Экономика факультеті, «Есеп және аудит» кафедрасы, 3курс студенті
Астана қ., Қазақстан Республикасы,
Ғылыми жетекші - Кайранбеков Б.О.

Заманауи экономикалық жағдайда бухгалтерлік есеп әрбір кәсіпорынның қызметінде елеулі роль атқарады. Ол – кәсіпорындардың қаржылық есептіліктерін дайындайтын ақпараттық база болып табылады. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі анағұрлым дұрыс дайындалған және ілгерімелі болғандықтан, көптеген елдерде халықаралық стандарттарға сәйкес есепті әзірлеп, ұсынуға мүмкіндік бар. Нарықтық қатынастардың жұмыс істеу шарттарының негізі - бухгалтерлік есеп жүйесі мен қаржы шаруашылық іскерлігін талдауды нақты реттеу. Берілген бухгалтерлік есеп пен қаржы-шаруашылық іскерлікті талдау, шаруашылық субъектілердің жұмысы олардың құрылымдық бөлімін оперативті басқару үшін, экономикалық жобалау мен ағымдағы жоспарды құру үшін және соңында, ел экономикасын заңды түрде дамытуды зерттеу үшін қолданады. Қазіргі

кезде барлық шаруашылықпен айналысатындардың алдында тұрған өткір, өзекті мәселелердің бірі есеп айырысушылық–төлем операцияларымен тікелей байланысты сұрақ болып табылады, ал бұның нәтижесі ретінде – жалпы шаруашылық субъектінің жұмысын бақылау жүзеге асады. Нарықтық экономика жағдайында қаржы ресурстарын басқаруды қалыптастырудың экономикалық механизмін жетілдіру арнайы кешенді зерттеуді талап етеді. Сондықтан шаруашылық және қаржылық қызметінде, ұйымдастырылуында дебиторлық борышты өз уақытымен жабу және оның ұқыпты жүргізілген есебі маңызды орын алады. Өйткені есеп айырылысудың негізгі бөлігі қолма- қол ақшасыз жүргізіледі және қызметтер мен тауарлар есеп айырылысудан бұрын алынады, көрсетіледі. Дебиторлық борыштың туындауы, сәйкесінше олардың есеп және қаржылық есеп беруде пайда болуы, біріншіден, есеп жүргізілуінің қолданыстағы ережелері мен табысты мойындауда қолданылатын принциптеріне және екіншіден, жоспарда күтілетін және алынған табыстың толық есебін жүргізумен және оған байланысты қаражаттың түсуі мен қаржылық құралдың қозғалысына жүргізілген бақылауға байланысты, үшіншіден, қатаң бақылау жасаудың міндеттілігі салық органдарының салықтар мен салық салынатын табыс сомаларының деңгейіне тұрақты бақылау жүргізуінен туады.

Дебиторлық борыш – сатып алушылардың немесе тапсырыс берушілердің қандай да бір кәсіпорын алдындағы өткізілген тауар үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері. Яғни, кәсіпорындар мен ұйымдардың басқа заңды немесе жеке тұлғалардан оларға сатқан тауарлары, көрсеткен қызметтері, сондай-ақ аванс ретінде алдын ала төлеген төлемдері үшін алашақ қарыздары дебиторлық борыш болып табылады. Дебиторлық борыш - айналым капиталының маңызды компоненті. Егерде бір кәсіпорын келесі кәсіпорынға тауар сатса, онда сатылған тауардың құны бірден төмендейді. Дебиторлық борыш иемденуге құқы бар заңды құқықтармен байланысты кәсіпорын активтері болып табылады.

Дебиторлық борыш шот-фактурамен немесе ресми қарыздық міндеттемемен расталады (вексельдер). Халықаралық және қазақстандық стандарттар арасында дебиторлық борыш есебін жүргізу тәртібі мен есептілікте бейнеленуін тікелей реттейтін стандарт жоқ. Дебиторлық борыштың баланста көрсетілуі №1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС анықталады, бұл жерде саудалық және басқа да дебиторлық борыштың баланста бейнеленуі талап етіледі. (66 тармақ). Сонымен қатар 72 тармақта бас, еншілес, қауымдастырылған ұйымның және басқа да байланыс жақтардың бөлек баптарында дебиторлық борыштың бөлек ашылуы тиіс екендігі айтылады.

Дебиторлық борыштардың құрамына кәсіпорынның төмендегі қарыздары есепке алынады:

- сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық борышы;
- алынған вексельдер;
- кәсіпорынның есеп беруге тиісті тұлғаларының борышы;
- еншілес, қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың, филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің дебиторлық борышы;
- қызметкерлердің дебиторлық борыштары;
- жалдау бойынша дебиторлық борыштар;
- өзге де дебиторлық борыштар.

Дебиторлық борыштар қаржылық активтер түсінігінің ішіне кіреді және жекелеген мәселелері №39 «Қаржылық құралдар: тану мен бағалау» ХҚЕС регламенттеледі, бұл жерде дебиторлық борышты тану мен бағалау критерийлері құрылады. Осы стандарт бойынша қаржылық актив бастапқыда нақты шығындар бойынша анықталады, яғни берілген құралдың тең әділ құнымен бағаланады (166 тармақ). Дебиторлық борыш өнім өткізуде, қызмет көрсеткенде немесе жұмыс орындағанда пайда болады және сатып алушылардан алынатын ақшалай қаражат өлшемінде, ал баланста күмәнді талаптар бойынша құрылған резервтерді шегеру арқылы көрсетіледі.

Есептеу принципін сәйкес кәсіпорынның табысы пайда болған сәттен бастап, дебиторлық борыш та танылады. Дебиторлық борыш, бастапқы пайда болған борыштан

күмәнді борыштарға жүргізілген түзетулерді, берілген жеңілдіктерді және қайтарылған тауарларды шегеріп тастағаннан кейін бағаланады. Нәтижесінде қайтарылып алынуға тиісті борыштардың нақты құны анықталады. Сатып өткізу мен төлем жасау мерзімінің арасындағы әдетті мерзім қысқа болғандықтан проценттер есепке алынбайды. Дебиторлық борыш танылғанда келесі бухгалтерлік өткізбе құрылады:

Дт: 1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық борышы»

Кт: 6010 «Өнімді өткізу мен қызмет көрсетуден түскен кіріс»

Бухгалтерлік есепті жүргізу әр түрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық құжаттарға, заңдарға сәйкес жүзеге асады. Олардың кейбірінің орындалуы міндетті: Қазақстан Республикасының 2008 жылы 26 ақпанда қабылданған «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңы, Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты, Салық кодексі, Азаматтық кодекс т.б., ал кейбірі ұсынушылық, үлгілік сипатта болады: әдістемелік нұсқаулар, бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары т.б.

Нарықтық экономика шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп жүйесі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушіліктің Халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізіліп, ұйымдастырылуы үшін бухгалтерлік есепті мемлекеттік нормативтік реттеу жүйесі қалыптасқан. Сонымен қазіргі уақытта елімізде бухгалтерлік есепті нормативті реттеудің төрт деңгейлі жүйесі қызмет етеді.

Бірінші деңгей - Қазақстан Республикасының заңдары мен ҚР Президентінің жарлықтары;

Екінші деңгей - Ұлттық бухгалтерлік стандарттар жүйесі - бухгалтерлік есеп бойынша ережелер;

Үшінші деңгей - салалық ерекшеліктерді ескеретін әдістемелік нұсқаулар;

Төртінші деңгей - кәсіпорынның ішкі жұмыс құжаттары.

Дебиторлық борыштардың есебі туралы толық ақпараттар №9 «Қаржы құралдары», №39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау», №32 «Қаржы құралдары: ақпараттарды ашу» ХҚЕС- да кездеседі. Онымен қоса, бухгалтерлік есепті жетілдіру, нақты жоспарлау мақсатында 2010 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бұйрығымен «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» заңнама енгізілді. №32 ХҚЕС «Қаржы құралдар: ақпаратты ашу және беру» 11 тармағында болашақта ақша қаражаттарының келісімшарты бойынша талап ету құқығын қарастыратын, сонымен қоса болашақта төлемдерді жүзеге асыру келісімшарты бойынша міндеттемені қарастыратын қаржы міндеттемелерінің жалпыға таныс мысалы ретінде сауда операциялары бойынша дебиторлық борыштарды қарастырады. Ұйым бұл ХҚЕС-тарды 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап бір жылға қолдануы тиіс. Мерзімнен бұрын қолдану рұқсат етілмейді. Егер ұйым қаржы есебіне осы ХҚЕС-ты 2013 жылдың 1 қаңтарынан бұрын қолданатын болса, ол бұл деректі ашып көрсетуі тиіс.

Кәсіпорындардың бухгалтериясы дебиторлық борыштар есебін жүргізу барысында мына төменде аталған құжаттарды (есептік тіркелімдерді) қолданады:

нөмірі 7 — Журнал-ордер - "Жұмысшылар мен басқа да тұлғалардың борышы" деп аталатын шотының кредиті бойынша;

нөмірі 8 — Журнал-ордер — "Алынуға тиісті қосылған құн салығы, "Есептелген пайыздар", "Басқадай дебиторлық борыштар" және "Берілген аванстар" деп аталатын шоттардың кредиті бойынша;

нөмірі 9 — Журнал-ордерге қосымша тізімдеме — "Берілген аванстар" шотының дебиті бойынша;

нөмірі 10 — Журнал-ордер — "Күмәнді талаптар бойынша резерв", "Алдағы кезең шығындары" шоттарының несие (кредиті) бойынша;

нөмірі 11 — Журнал-ордер — "Сатып алушылар және тапсырыс берушілердің борышы" шотының және "Еншілес (тәуелді) серіктестіктердің дебиторлық борышы" шотының кредиті бойынша жүргізіледі.[11, 216б].

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілер және басқадай дебиторлармен есеп айырысудың есебі бойынша жоғарыда аталып өткен тіркелімдерден басқа дебиторлық борыштардың есебіне талдамалық (аналитикалық) есептің карточкалары, ажырату парақшалары (қағаздарын), бухгалтерлік анықтамалары және тағы да басқа тіркелімдер (құжаттар) қолданылады. Жалпы есеп тіркелімдерін толтыру шаруашылық операцияларының мазмұнын сипаттайтын бухгалтерлік жазулардың жиынтығын анықтау үшін керек. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартында (соның ішінде Америка Құрама Штаттарының бухгалтерлік есеп стандартында) ұйымның бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізу барысында қолданатын барлық бланкілері үшін міндетті ортақ есеп беру формалары қарастырылмаған. Есеп нысанын таңдау құқығы толығымен бас бухгалтердің құзырында, яғни ол алғашқы құжаттарды топтастырудың ең қарапайым әдісін таңдап, шоттар корреспонденциясын жүргізуге міндетті. Шоттарға келетін болсақ, олар негізгі есеп тіркелімдерінде үнемі қатысатын, эпизодтық болып бөлінеді және олар басқадай операцияларда қолданылады. Дебиторлық борыштар шоттарында есептелетін сомалардың дұрыстығы мен олардың толықтығын бақылау үшін түгендеу жүргізілуі қажет, ол құжаттар бойынша шоттарды корреспонденцияланатын шоттармен салыстыру арқылы жүргізіледі. Мұндағы басты мақсат — әрбір шоттағы сомалардың сәйкестігі мен дұрыстығын, толықтығын анықтау болып табылады.

Дебиторлық борышты есептеудегі басты мәселе сату мерзімін анықтау болып табылады, яғни сатып алушыларға тиеліп жіберілген немесе жөнелтілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) қашан сатылғанын тануында. Бухгалтерлік есептің көзқарасымен қарағанда, тауарлардың тиелуі мен сатып алушыға қаржылық және есеп айырысу құжаттарының ұсынылуы, тауарлардың сатылғандығы деп танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бухгалтерлік есепке заңнамалы- нормативтік құжаттардың әдістемелік жинағы.
2. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы 2008ж. 26 ақпан
3. №9 «Қаржы құралдары», №39 « Қаржы құралдары: тану және бағалау», №32 «Қаржы құралдары: ақпараттарды ашу» ХҚЕС-тары
4. Қаржылық есеп: Оқу құралы. / Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А., Жантаева А.Ә. – Алматы: Экономика

УДК 336:947.18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДАДАҒЫ КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОҒАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ықылас Айбану Ықыласқызы, Ауезова Бақыт Амиржанқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: Aibanu9595@mail.ru

Ғылыми жетекші- Қайранбеков Б.О.

Еліміздің экономикалық дамуының басты тетіктерінің бірі – кеден қызметін жолға қою екендігін айтпас бұрын, кедендік одақтың бізге не беретінін, оның кепілі қандай екендігін білудің маңызы зор. Бір сөзбен айтқанда, кедендік одақ – екі немесе бірнеше мемлекеттердің өз араларындағы кедендік шекараларын жою және бірыңғай кедендік тариф құру жөніндегі келісімі. Кедендік одақтың тарихына қысқаша тоқтала кетейік. Кедендік одақ 19 ғасырда орныға бастаған. Франция мен Монако арасындағы (1865 ж.), Швейцария мен Лихтенштейн князьдігі арасындағы (1924 ж.) одақ олардың алғашқылары болып табылады. Біздің заманымызда Еуропалық экономикалық одақ (1957 ж.) — Еуропалық одақ (1993 ж.) және Еуропалық еркін сауда ассоциациясы (1962 ж.) құрылған. Кеңес Одағы дәуірінде социалистік